

2023 жылғы құрылыс жұмыстарының орындалуы және объектілерді пайдалануға беру туралы

Жариялау күні: 04.07.2024

Келесі жариялау күні: 04.07.2025

1. Түйінді тұстары
2. Орындалған құрылыс жұмыстарының көлемі
3. Тұрғын ғимараттарды пайдалануға беру
4. Глоссарий
5. Әдіснамалық түсініктемелер
6. Байланысты жарияланымдарға сілтемелер
7. Пайдалы сілтемелер

1. Түйінді тұстары

Құрылыс саласы тез өсетін экономикалық салалардың бірі болып табылады және соңғы бес жылда тұрақты оң өсімі бар.

2. Орындалған құрылыс жұмыстарының көлемі

2023 жылы орындалған құрылыс жұмыстарының көлемі 7612,8 млрд. теңгені құрады, бұл 2022 жылға қарағанда 15,1% есе көп.

Республика бойынша құрылыс жұмыстарының жалпы көлемінен жеке құрылыс ұйымдарымен – 82,2%, шетелдік – 17,3% және мемлекеттік - 0,5% орындалды.

Қазақстан Республикасында орындалған құрылыс жұмыстарының көлемі



Динамикалық кестелер:

[2003-2023 жылдар аралығында орындалған құрылыс жұмыстарының көлемі.](#)

[2003-2023 жылдар аралығында орындалған құрылыс жұмыстарының НКИ](#)

Құрылыс жұмыстары көлемінің ұлғаюы Республиканың он сегіз өңірінде байқалды. Елеулі өсуі Жетісу (65,3%), Маңғыстау (52%), Қызылорда (40,9%), Қарағанды (39%), Батыс Қазақстан (30,8%), Абай (28,3%), Солтүстік Қазақстан (28%), Қостанай (27,3%), Ақтөбе (25,7%), Жамбыл (19,5%), Түркістан (11,7%), Шығыс Қазақстан (11,5%) облыстарында және Астана (19,1%) және Шымкент (13,6%) қалаларында байқалады.

Бұл ретте республиканың екі аумағында төмендеу байқалады – Ақмола (7%) және Ұлытау (5,7%) облыстарында.

Орындалған құрылыс жұмыстарының (қызметтерінің) көлемі

мың теңге

	Орындалғаны, барлығы	2022 жылға пайызбен	Республикалық көлемге пайызбен
Қазақстан Республикасы	7 612 810 331	115,1	100,0
Абай	245 576 182	128,3	3,2
Ақмола	268 330 804	93,0	3,5
Ақтөбе	327 572 758	125,7	4,3
Алматы	327 243 818	102,1	4,3
Атырау	1 248 467 878	102,5	16,4
Батыс Қазақстан	295 935 480	130,8	3,9
Жамбыл	282 118 028	119,5	3,7
Жетісу	243 189 997	165,3	3,2
Қарағанды	516 723 159	139,0	6,8
Қостанай	245 672 092	127,3	3,2


Қызылорда	184 067 595	140,9	2,4
Маңғыстау	338 818 466	152,0	4,5
Павлодар	327 335 453	108,6	4,3
Солтүстік Қазақстан	163 402 106	128,0	2,2
Түркістан	409 902 608	111,7	5,4
Ұлытау	108 775 962	94,3	1,4
Шығыс Қазақстан	314 898 126	111,5	4,1
Астана қаласы	897 720 255	119,1	11,8
Алматы қаласы	605 905 089	102,4	8,0
Шымкент қаласы	261 154 475	113,6	3,4

3. Тұрғын ғимараттарды пайдалануға беру

Қазақстан Республикасында 2023 жылы пайдалануға берілген жаңа объектілердің жалпы алаңы 21137,9 мың шаршы метрді құрады.

Пайдалануға берілген тұрғын үйлердің нақты көлем индексі

өткен жылға пайызбен



Динамикалық кестелер:

[Тұрғын ғимараттарды пайдалануға беру](#)

[Әлеуметтік нысандарды пайдалануға беру](#)

[Пайдалануға берілген тұрғын үйлердің жалпы алаңының НКИ](#)

Пайдалануға берілген тұрғын үйдің жалпы алаңы 2022 жылмен салыстырғанда 13,8%-ға ұлғайып, 17827 мың шаршы метрді құрады, олардан 11197,4 мың шаршы метр - көп пәтерлі және 6475,7 мың шаршы метр - жеке үйлер.

Тұрғын үйдің едәуір бөлігін – 16123,6 мың шаршы метрді немесе 90,4%-ын жеке құрылыс салушылар, 6622,7 мың шаршы метрді халық пайдалануға берген.

Пайдалануға берілген тұрғын ғимараттардың жалпы алаңы

	Пайдалануға берілген тұрғын ғимараттар		Оның ішінде салушылармен				
	жалпы алаңы шаршы метрмен	өткен жылға, пайызбен	мемлекеттік меншік	жеке меншік	олардан		шетел меншігі
					халықпен	өткен жылға, пайызбен	
Қазақстан Республикасы	17 826 956	113,8	1 516 754	16 123 569	6 622 672	97,7	186 633
Абай	362 654	106,5	86 849	275 805	96 541	89,6	-
Ақмола	659 199	105,3	11 952	639 710	330 893	102,8	7 537
Ақтөбе	1 261 345	100,7	29 653	1 224 937	837 209	113,6	6 755
Алматы	820 951	103,9	19 347	731 423	569 880	87,9	70 181
Атырау	741 896	89,3	38 851	688 767	485 028	87,9	14 278
Батыс Қазақстан	632 362	101,7	64 890	567 057	293 197	111,6	415
Жамбыл	726 036	104,7	67 839	658 197	598 953	115,9	-
Жетісу	322 804	109,4	122 313	200 491	157 642	65,5	-
Қарағанды	454 748	76,4	21 882	430 404	75 277	48,1	2 462
Қостанай	474 972	105,8	47 296	422 607	158 270	89,3	5 069

Қызылорда	741 335	108,5	42 183	699 152	671 124	107,1	-
Маңғыстау	796 567	75,5	34 563	739 437	341 556	58,8	22 567
Павлодар	493 766	101,2	113 577	380 189	201 204	110,1	-
Солтүстік Қазақстан	304 694	101,3	78 614	210 617	140 134	104,8	15 463
Түркістан	903 011	104,5	239 992	663 019	620 675	124,6	-
Ұлытау	82 730	131,6	7 340	75 390	57 981	191,5	-
Шығыс Қазақстан	352 155	109,9	46 362	282 966	122 146	123,6	22 827
Астана қаласы	3 934 804	163,3	309 201	3 625 603	49 954	66,9	-
Алматы қаласы	2 677 068	139,9	9 162	2 667 906	408 934	91,2	-
Шымкент қаласы	1 083 859	101,0	124 888	939 892	406 074	105,0	19 079

Пайдалануға берілген тұрғын үйлердің жалпы көлемінің артуы Қазақстан Республиканың он жеті өңірінде байқалды. Елеулі өсуі Астана (63,3%) және Алматы (39,9%) қалаларында, Ұлытау (31,6%) облысында байқалады.

Тұрғын үйді пайдалануға берудің азаюы Маңғыстау (24,5%), Қарағанды (23,6%) және Атырау (10,7%) облыстарында байқалады.

Пайдалануға берілген әлеуметтік-мәдени мақсаттағы объектілерді



2023 жылғы білім беру және денсаулық сақтау саласында 59880 оқушылар орынына арналған 112 жалпы білім беру мектептері, 6739 орынға арналған 63 мектепке дейінгі мекемелер және 600 төсек-орынға арналған 3 аурухана, сонымен қатар ауысымына 4432 келушіге арналған 107 амбулаториялық емхана пайдалануға берілді.

Толық ақпарат келесі электрондық кестелерде берілген:

[Құрылыс қызметін жүзеге асыратын кәсіпорындар мен ұйымдардың мөлшерлігі бойынша негізгі көрсеткіштері. Меншік нысандары бойынша орындалған құрылыс жұмыстарының \(қызметтердің\) көлемі/өлшемі бойынша/нысан түрлері бойынша, күрделі және ағымдағы жөндеу бойынша жұмыстардың көлемі](#)

[Құрылыс қызметін жүзеге асыратын ұйымдардың \(кәсіпорындардың\) саны, оның ішінде кәсіпорындардың көлемі. Салынып жатқан объектілер түрлері бойынша ірілендірілген жұмыс түрлері бойынша орындалған құрылыс жұмыстарының көлемі](#)

[Пайдалануға берілген объектілердің негізгі сипаттамалары.](#)

[Объектілерді пайдалануға беру.](#)

[Пайдалануға берілген жаңа объектілердің жалпы алаңы.](#)

[Пайдалануға берілген жаңа ғимараттардың жалпы құрылыс көлемі](#)

[Пайдалануға берілген объектілер құрылысының нақты құны](#)

[Қаржыландыру көздері бойынша тұрғын үй құрылысына салынған инвестициялар/меншік түрі бойынша](#)

[Тұрғын ғимараттарды пайдалануға беру.](#)

[Пайдалануға берілген жаңа тұрғын ғимараттардың саны](#)

[Пайдалануға берілген тұрғын ғимараттардың жалпы және пайдалы алаңы.](#)

[Жеке және көппәтерлі тұрғын үйлерді пайдалануға беру](#)

[Тұрғын үйлердің жалпы алаңы 1 шаршы метр құрылыстың орташа нақты шығындары](#)

[Пайдалануға берілген тұрғын үйлердегі пәтерлердің саны.](#)

[Абаттандыру дәрежесі бойынша пайдалануға берілген тұрғын үйлер мен жатақханалардың саны](#)

[Қабырға материалдарына байланысты пайдалануға берілген жаңа тұрғын үйлердің сипаттамасы](#)

[Қабаттылығына байланысты пайдалануға берілген жаңа тұрғын үйлер мен жатақханалардың сипаттамасы](#)

[Білім беру және денсаулық сақтау объектілерін пайдалануға беру](#)

[Энергия тиімділік сыныбы бойынша пайдалануға берілген объектілер саны](#)

[Тұрғын үйге жатпайтын объектілерді пайдалануға беру](#)

4. Глоссарий

Құрылыс-монтаж жұмыстары - ғимараттар мен имараттарды тұрғызу, кеңейту, реконструкциялау мен техникалық қайта жарақтандыру бойынша құрылыс жұмыстары; энергетикалық, технологиялық және басқа да жабдықтарды монтаждау жұмыстары.

Объектінің құрылысы - объектінің тәуелсіз бағалауды құрайтын барлық байланысты жабдықтар, құралдар, аспаптар, галереялар, жол өтпелерін, ішкі инженерлік желілер мен коммуникациялар жеке ғимарат немесе құрылымы, құрылыс (қайта жаңарту, кеңейту).

5. Методологиялық түсініктемелер

Құрылыс ұйымдарына жөндеу-құрылыс ұйымдарын қоса алғандағы, жалпықұрылыстық және мамандандырылған барлық ұйымдар жатады. Құрылыс ұйымдарының негізгі қызметі тапсырыс берушімен мердігерлік шарт бойынша мемлекеттік «Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне (ЭҚЖЖ)» сәйкес қызмет түрі «Құрылыс» қызметіне жататын жұмыстарды орындаудан тұрады.

Құрылыс жұмыстарының көлеміне жаңа объектілердің құрылысы, күрделі және ағымдағы жөндеу, қайта құру, тұрғын және тұрғын емес ғимараттарды жаңғырту, инженерлік имараттар жұмыстары кіретін жасалған мердігерлік құрылыс шарттары бойынша құрылыс қызметін жүзеге асыратын кәсіпорындар орындаған жұмыстарының құны кіреді.

Құрылыс жұмыстар (қызметтер) көлемінің нақты көлем индексі шын мәніндегі бағада дефлятор есебімен (баға индексі) талданған кезеңнің орындалған құрылыс жұмыстар көлемінің өткен кезеңге арақатынасымен анықталады.

Тұрғын үйдің (тұрғын ғимараттың) жалпы алаңы барлық тұрғын үйлердің жалпы алаңының және барлық тұрғын емес үй-жайлардың алаңының, сонымен қатар жалпы мүлік болатын тұрғын үй бөлігінің алаңының қосындысы болып есептеледі.

Методологиялық түсініктемелердің анығырақ ақпараты келесі сілтемелер бойынша қолжетімді:

[Құрылыс статистикасы көрсеткіштерін қалыптастыру бойынша әдістеме](#)

[«Құрылыс» саласы бойынша өнімнің жалпы шығарылымын анықтау бойынша әдістеме](#)

6. Байланысты жарияланымдарға сілтемелер

[«Қазақстан Республикасындағы инвестициялық және құрылыс қызметі» статистикалық жинағы](#)

7. Пайдалы сілтемелер

[Статистикалық нысан «Орындалған құрылыс жұмыстары \(көрсетілетін қызметтер\) туралы есеп» \(1-КС жылдық\)](#)

[Статистикалық нысан «Объектілерді пайдалануға беру туралы есеп» \(2-КС, жылдық\)](#)

[Статистикалық нысан «Жеке құрылыс салушылардың объектілерді пайдалануға беруі туралы есеп» \(1-ИС, жылдық\)](#)

[«Талдау»/Құрылыс және инвестициялар ақпараттық-аналитикалық жүйе](#)

[Сапа бойынша есеп](#)

Шығаруға жауапты: Өндіріс және қоршаған орта статистикасы департаменті	Департамент директоры: А.Исабекова Тел. +7 7172 749056	Орындаушы: О.Эдель Тел. +7 7172 749323 E-mail: O.Edel@aspire.gov.kz	Мекен-жай: 010000, Астана қаласы пр. Мәңгілік ел, 8 Министрліктер үйі, 4 кіреберіс
--	---	---	--